



«UIB КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ» ЖШС

Хаттама №2

Өту мерзімі 22.11.2024ж

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

№2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ

КҮН ТӘРТІБІ

№	Баяндама тақырыбы	Баяндамашы
1	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тәрбиесі және білім берудегі этика»	Қазақ тілі пәнінің оқытушысы Акимжанова Л.М.
2	Азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар	Еңбекті қорғау мен қауіпсіздікке жауапты оқу бөлімінің меңгерушісі Қуатова А.Н. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушысы Аутов Б.У.
3	Қатаң есептіліктегі құжат - Теориялық оқу журналын толтыру туралы	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Исмагамбетова М.Т.
4	Әртүрлі сұрақтар	

Тыңдалды:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы Акимжанова Лавра Мадигановнаның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тәрбиесі жайындағы баяндамасы: Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез-келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік- экономикалық даму үдерісін , нарықтық экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіретіні жайында атап өтті.

Екінші тақырып бойынша: Білім берудегі этика. Білім беру қоғамның басты құндылықтарының бірі болып табылады. Педагогикалық этика – мұғалімдердің кәсіби қызметінде моральдық және этикалық принциптерді ұстану жүйесі. Педагогикалық этика педагогтың адамгершілік, жауапкершілік, әділеттілік, сенім мен құрмет сияқты құндылықтарға негізделеді.

2. Екінші мәселе бойынша Еңбекті қорғау мен қауіпсіздікке жауапты оқу бөлімінің меңгерушісі Куатова Анар Нургамзаевна

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 6 наурыздағы № 190 бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 14 сәуірде №10716 тіркелген

Азаматтық қорғаныс әс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелері

2-тарау. Азаматтық қорғанысқа басшылық ету және басқару

3-тарау. Азаматтық қорғаныс жоспары

4-тарау. Азаматтық қорғау қызметтері және күштері

5-тарау. Эвакуациялық іс- шаралар

6-тарау. Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс- шаралары

7-тарау. Азаматтық қорғаныс объектілер мен мүлкі

Осында көрсетілген әр тарауға қысқаша тоқталып ақпарат берді.

Және де Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөнінде биылғы жылы маусым айында өткен бір апталық семинардағы,

соның ішінде әр апат түрлеріне: 1. Жер сілкінісі

2. Су тасқыны

2. Селдер

3. Өрт

4. Көшкін, опырылу

Сияқты табиғат апат түрлеріне толықтай ақпарат беріліп, апат орын алған жағдайда адамдардың сабырлылық танытып, қайда хабарласып, қажет болған жағдайда қандай көмек көрсету керектігі жайында мағлұмат берілді.

Қосымша ақпаратты, Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің оқытушысы Аутов Бахтияр Усенович Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар жөнінде: Өрт қаупі , жер сілкінісі, терроризм актісін жасау қаупі туындаған кезде, су тасқынында, дауылда қандай сақтық шараларын қолданып, нендей әрекеттер жасау қажеттігі жайында түсіндіре кетті.

3. Қатаң есептілікті құжат – Теориялық оқу журналын толтыру туралы Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Исмагамбетова Майя Туралиевна атап өтті.

Шешімі:

1. Педагог қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарастарын қалыптастыру мақсатында, жұмыстар жүргізілсін. Кураторлар «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» ақпараттарын кураторлық сабақтарда студенттерге жеткізу ұсынысы қолданылсын.

2. Білім беру этикасы бойынша ұстаздар мен оқушылардың құқықтары мен міндеттері ескерілсін.

1. Азаматтық қорғаныс іс-шараларын ұйымдастыру және жүргізу қағидалары жүзеге асырылсын.

1. Берілген бұйрықтар назарға алынсын.

1. Жер сілкінісі бойынша берілген іс-шаралар алгоритмі негізге алынып, студенттерге жіберілсін.

2. Кураторлармен бірге жұмыс атқарылсын.

3. Әр-түрлі табиғи апаттарға байланысты іс-шаралар қағидалары ескерілсін.

4. Теориялық оқу журналын толтыруда дәлдік пен жүйелілік сақталсын.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:



Якенова Куралай Жумабековна

Хатшы:



Акимжанова Лавра Мадиджановна